

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасында құқықтық ақпарат алмасу жөнінде Келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 маусым N 681

1998 жылғы 18 маусымдағы сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен қазақстан-беларусь комиссиясының бірінші отырысының барысында қол жеткізілген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасында құқықтық ақпарат алмасу жөнінде Келісім жасау туралы уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі шаралар Жоспарын іске асыру

мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасында құқықтық ақпарат алмасу жөнінде Келісімге қол қойылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Құқықтық ақпарат алмасу туралы
Қазақстан Республикасы Үкіметі мен
Беларусь Республикасы Үкіметі арасындағы
Келісім

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметі,
бұдан әрі Тараптар деп аталады,

- достық пен өзара түсіністік қатынастарын нығайтуды қалай отырып,
- құқықтық саладағы ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтыла отырып,

- екі мемлекеттің заңдар туралы өзара хабардар болуын жақсарту жөніндегі қатынастарды дамытудың қажеттілігін мойындай отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1 - Б а п

Тараптар халықаралық алмасуға жататын, жариялауға ашық нормативтік құқықтық актілердің Тақырыптық тізбесінде (қоса беріліп отыр) белгіленген мәселелер бойынша екіжақтылы құқықтық актілер ақпаратын алмасудың қажеттігін мойындайды.

Жоғарыда көрсетілген Тізбе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

2 - Б а п

Тараптардың әрқайсысы басқа Тарапқа мемлекеттік құпиядан, Тараптар өкілдігін білдіретін мемлекеттің заңмен қорғалатын өзге де құпиясынан басқа сұралған ақпаратты беруге міндеттенеді.

Ынтымақтастық барысында Тараптардың бірі алған ақпарат ол меншігі болып табылатын Тараптың келісімі болған жағдайда ғана құқықтық ақпарат алмасу жүйесінен тыс пайдаланылуы мүмкін.

Ынтымақтастық барысында алынған ақпарат Тараптардың мүддесіне залал келтіретіндей болып пайдаланылуға тиіс емес.

3-Бап

Тараптар ұлттық ақпарат ресурстарын пайдалана отырып мәліметтердің эталондық базасын алмасады.

4-Бап

Тараптар құқықтық ақпарат алмасу жүйесін құру жөніндегі келісілген шараларды жүзеге асыра отырып:

субъектілер тізбесін - ақпаратты пайдаланушыларды, ақпараттың құқықтық режимін - ақпараттық дәрежесін,

құжатталуын, алыну мүмкіндігін, сақталуын, таратылуы мен қорғалуын айқындайтын белгіленген нормативтік ережені белгілейді.

5-Бап

Тараптар құқықтық ақпарат алмасу жүйесін құру мен алмасу жөніндегі

жұмыстардың үйлестірушілері етіп мыналарды белгілейді:

Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан - Қазақстан Республикасының Әділет
м и н и с т р л і г і .

Беларусь Республикасы Үкіметі тарапынан - Беларусь Республикасы Ұлттық
құқықтық ақпарат орталығы.

6 - Б а п

Тараптар бірлесе пайдалану үшін белгіленген ұлттық құқықтық ақпарат ресурстарына (мәліметтердің эталондық базаларына) қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз етіп, оларды бақылау жағдайында ұстайды және ақпараттық мәліметтердің толық, шынайы және дер кезінде берілуі үшін жауапкершілік көтереді.

7 - Б а п

Нормативтік құқықтық актілер туралы ақпарат, әдетте, орыс тілінде және тегін беріледі.

Тараптар өзара келісім бойынша құқықтық ақпаратты хабарлар мен жүйелер тобын таратудың белгіленген халықаралық стандарттарын сақтай отырып, құжаттарды электронды хабар беру арқылы алмасады немесе қажетті ақпаратты хатқа түсіріп береді.

8 - Б а п

Тараптар:

мәліметтер базаларын алмасу кезінде бір біріне нормативтік құқықтық актілерді беріп отыруды;

қолданылып жүрген ақпараттық-коммуникациялық ресурстар жүйелерін, сондай-ақ жаңадан құрылған құпия байланыстар жүйелерін пайдалана отырып құқықтық ақпарат алмасуды жүргізу қажет деп санайды.

Құқықтық ақпарат алмасу екі мемлекеттің заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

9-Бап

Осы Келісім Тараптардың басқа халықаралық шарттар жөніндегі құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

10-Бап

Келісім Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

Барлық өзгерістер мен толықтырулар Хаттамамен ресімделеді, ол осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

11-Бап

Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер екіжақтылы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешілетін болады.

1 2 - Б а п

Осы Келісім Тараптардың ішкі мемлекеттік шаралардың орындалғаны туралы соңғы құлақтандыруын алған күннен бастап күшіне енеді және егер Тараптардың біреуі Келісім күштің мерзімі бітерден кем дегенде алты ай бұрын басқа Тарапты өзінің осы Келісімнің күшін тоқтату жөніндегі ниеті

туралы хабардар етпесе, онда қолданылу мерзімі кемінде әрбір бес жылға өздігінен ұзарып, бес жыл бойы қолданылатын болады.

1998 жылдың " ____ " _____ екі түпнұсқа данада әрқайсысы беларусь, қазақ және орыс тілдерінде _____ қаласында жасалды, екі мәтіннің де заңдық күші бірдей. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметі үшін

Беларусь Республикасы
Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен
Беларусь Республикасы Үкіметі
арасында құқықтық ақпарат алмасу
туралы Келісімге

Қосымша

Мемлекетаралық алмасуға жататын
нормативтік құқықтық актілердің
Тақырыптық тізімі

1. Мемлекеттік құрылыс негіздері.
2. Азаматтық құқық.
3. Неке және отбасы.
4. Азаматтық-іс жүргізу заңдары.
5. Төрелік іс жүргізу.
6. Халықты жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту.
7. Әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру.
8. Қаржы және несие.
9. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлік қызмет.
10. Өнеркәсіп.
11. Күрделі құрылыс пен күрделі жөндеу.
12. Қала құрылысы мен архитектуралық кешендер.
13. Ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп кешендері.
14. Сауда.
15. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғындарға тұрмыстық қызмет көрсету.
16. Көлік және байланыс.
17. Білім.
18. Ғылым.
19. Мәдениет.
20. Азаматтардың денсаулығын қорғау.
21. Тұрғындарға дене тәрбиесін беру.
22. Қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды (тұтастай) тиімді пайдалану.
23. Жер туралы заңдар.
24. Жер қойнауы туралы заңдар.
25. Ормандарды қорғау және пайдалану.
26. Суды қорғау және пайдалану.
27. Жануарлар әлемін қорғау және пайдалану.
28. Атмосферадағы ауаны қорғау.
29. Геодезия және картография.
30. Гидрометеорология.
31. Мемлекеттік қызмет.
32. Қорғаныс.

- 33. Мемлекет қауіпсіздігі.
 - 34. Кеден ісі.
 - 35. Қоғамдық тәртіпті қорғау.
 - 36. Сот. Әділет. Прокуратура.
 - 37. Қылмыстық-іс жүргізу заңдары.
 - 38. Қылмыстық-атқарушылық іс жүргізу заңдары.
 - 39. Әкімшілік жауаптылық.
 - 40. Сыртқы саясат және халықаралық қатынастар
 - 41. Халықаралық жеке құқық және үрдіс.
- Сыртқы экономикалық қатынастар.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.